



PREZIDENT

ІРІ ЖОБАЛАРДЫҢ МӘНІ ЗОР

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Vorealis» компаниясы басқармасының төрағасы Альфред Штернді қабылдады.

Мемлекет басшысы «Vorealis» компаниясымен ынтымақтастық жасаудың маңыздылығын атап өтіп, Қазақстанда ірі жобаларды жүзеге асырудың мәні зор екенін айтты.

– Мен өзара ықпалдастығымызға қатысты күн тәртібіндегі өзекті мәселе жөнінде, әсіресе, алдағы уақытта жүзеге асырылатын Атырау облысындағы газ және химия кешенінің құрылысы туралы Сізбен пікір алмасқым келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында Қазақстан Президентіне «Vorealis» компаниясының еліміздегі негізгі жобалары мен олардың жүзеге асырылу перспективалары жөнінде баяндалды.

А.Штерн өзара ықпалдастықтың жоғары деңгейін атап өтіп, Қазақстанда жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, қолдау көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІ ЖАҢА ҚҰРАМДА

Кеше Қызылордада өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жаңа құрамдағы кеңес жұмысына сәттілік тіледі.

Назерке САНИЯЗОВА.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту – мемлекет дамуындағы бірден-бір стратегиялық міндет. Ол үш түрлі мәселені шешуге көмектеседі. Атап айтқанда, тұрақты жұмыс орындары ашылады, салықтық база дамып, жергілікті бюджет нығаяды және қоғамдық-саяси тұрақтылық сақталады.

– 2018-2020 жылдардың аймақта жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үшжылдығы болып жариялануы салаға серпін берді. Өткен жылы жалпы бюджеті 32 млрд теңге болатын арнайы «Жол картасы» әзірленіп, оның 3 млрд-тан астамы стартап жобаларға бағытталды. Биыл әртүрлі қаржы көздерінен 34 млрд теңге қарастырылды, – деді облыс әкімі.

2019 жылдың 1 наурызындағы мәліметке қарағанда, аймақта 43 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Оның 85 проценті жұмыс істеп тұр. Соңғы жылдың өзінде шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 13,8 процентке өсті.

Жұмыс барысында аймақ басшысы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мәселесіне де ерекше тоқталды. Сонымен қатар, кеңес төрағасы Темірхан Кенжебаев, өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Галымбек Жақсылықов пікір білдіріп, ел экономикасын еселеуге кәсіпкерлер үлес қоса беретінін жеткізді.

ҚАЙҒЫҒА СЫР ХАЛҚЫ ДА ОРТАҚТАСТЫ



Ажалдың айтып келмейтіні рас. Әсіресе, ел қорғаны – әскерілер үшін қатердің қай тұстан, қай уақытта соғатыны да беймәлім. Оған дәлел – Жалағаш жеріндегі қайғылы оқиға.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Ақтаудан Шымкентке қарай ұшып шыққан МИ-8 әскери тікұшағы апатқа ұшырап, бортта болған 13 экипаж мүшелері мен жауынгерлер түгелдей қаза тапты. Отан алдындағы қызметін абыроймен атқарып жүрген әскерилердің қазасына ата-анасы мен жарлары, балалары әлі де сенбейді.

Тосыннан болған қазаға аймақ жұртшылығы да ортақтасты. Сенбі күні Қорқыт ата атындағы Қызылорда әуежайында қаралы митинг өтіп, қайтыс болған сарбаздарды туған жеріне жөнелтті. Митингке еліміздің Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев, облыс әкімінің орынбасары Руслан

Рүстемов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов және әскери қызметкерлер мен қала жұртшылығы да қатысты. Қаралы жиынға жиналғандар қайтыс сапарға аттанған 13 сарбазды бір минут еске алды.

– Әскери адам өмірі қашанда қауіп-қатермен байланысты. Олар мұны саналы түрде қабылдап, қызмет ететінін ұмытпауымыз керек. Бұл оқиға – орны толмас қайғы. Әрі бұл – бір отбасының ғана қайғысы емес, бүкіл отандасмызға ортақ қаза. Мен барлық әскери бөлімдерге қайтыс болған сарбаздардың отбасы мен балаларына ұдайы көмек көрсетіп, әлеуметтік жағынан еш қандай мәселе болмауын қатаң түрде тапсырамын, – деді Қорғаныс министрі, генерал-майор Н.Ермекбаев.

Марқұм болған сарбаздарды әскерилер арнайы ұшақпен туған жеріне жеткізіп, жер қойнына тапсырды. Сонымен қатар, Қорғаныс министрінің айтуынша, қайтыс болған сарбаздарға арнайы мемориалдық ескерткіш орнату да қарастырылуда.

Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ



AQYNY
BOLĠAN
ALASHTYŪ

3»



DÁSTÚRLI
ÓNER
DÁRIPTELGEN
KESH

4»

МАРАФОН МАҚСАТЫ – АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Өткен сенбіде Болат Өтемұратовтың қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен жүгіру марафоны өтті. Жалпы ұзындығы 5,5 шақырымды құраған жүгіру Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы жариялаған 2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне арналды.

Дәулет ҚЫРДАН.

Марафонға 16 мен 60 жас аралығындағы азаматтар арасынан 800-ге жуық тұрғын қатысты. Жарыс жолы «Сыр Ана» монументінен бастау алып, Тауелсіздік даңғылы арқылы Есенов көшесіндегі Ф.Мұратбаев атындағы орталық стадионнан аяқталды.

– Біз аутизм туралы тек бүгін емес, әрқашан айтуымыз керек. Бұл толық айығарлық емі табылмаған дерт. Сондықтан аталған дертпен біріге күресуіміз керек. Бүгінгі шараға осынша халықтың жиналғанына қуанып қалдым. Ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін, – деді облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов.

Аталған қор «Аутизм. Баршамызға бір әлем» бағдарламасын іске асырып



келеді. Еліміздің алты қаласында осы күні «Асыл мирас» аутизм орталықтары құрылды. Қызылордада бұл орталық 2016 жылдан жұмыс

істейді. Бүгінге дейін 500-дей отбасына көмегін тигізген.

– Аутизм – ауру емес. Әлеуметтік өзара әрекеттесуде, мінез-құлқында байқалатын бала дамуының ерекше жай-күйі. Мұндай олқылықтар көпшілік жағдайда түзетіледі. Бүгінгі шара жұртшылық назарын аутизм проблемаларына аударту және хабардарлық деңгейін жоғарылатуды мақсат етеді, – деді қор директоры Марат Аймағамбетов.

Жүгіру жарысында әртүрлі деңгей бойынша Расул Төрбек, Оксана Бичурин, Марат Қарамергенов және Гүлназ Іздібаева жеңіс тұғырына шықты. Көрсеткіш бойынша мәре сызығын бәрінен бұрын М.Маметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжінің студенті Расул Төрбек кесті. Ол алты жылдан бері жеңіл атлетикамен айналысады.

Жеңімпаздар бағалы сыйлықпен, естелік медальмен марапатталды.

BAS QALAMEN QURDAS

Адияның бала күнінде ең жиі қайталайтын сөзі «мен Астанамен құрдаспын». Есімі әдемі шаһар, еңселі елордамен қатар аталғанда оның көзінен – қуаныш, сөзінен сенім байқалатын. Елдегі ең ірі өзгерістер орын алған жылы дүние есігін ашқан сәбидің есімін әкесі «сыйлық» деген мағынаны білдіретін Адия есімімен атады.



АДИЯНЫҢ АСУЫ АЛДА

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Сол жылы елге үміт сыйлаған өзгерістер мен әке ықыласы, ниеті әсер еткен болар, «астананың құрдасы» қайсар болып бойжетті. Ал кейінірек оның талай табыстары астанаға да, елге де теңдессіз сый болатынын ешкім болжамаған еді.

Кішкентайынан ешкімге есе жібермейтін Адия әкесіне қоярда-қоймай айтып жүріп, спорт мектебіне жазылған екен. Волейболдан «Қайсар» құрамасын жаттықтыратын әке намысшыл қызының түбі мақсатына жететініне сенді. Иә, Адия алғаш рет үлкен жеңісіне 2011 жылы қол жеткізіп, Қазақстан чемпионатында қола жүлдеге ие болды. Бұл Қазақстан тұңғыш рет қысқы Азия ойындарын өткізіп, дүниенің дүйім жұрты, алып Азия құрлығының назары елордаға ауған жыл еді. «Екі құрдас» үшін де бұл мерей өсіріп, абыройдың асқақтаған жылы болды. Адия мұнан кейінгі жылдары Әлем, Азия чемпионаты, Еуропа, Азия кубогының бірнеше дүркін жүлдегері атанып үлгерді.

Тұтас республика жұрты Алаштың айбынын ас-

қақтатқан астанамыз – Нұр-Сұлтан қаласының 20 жылдығын тойлаған тұста, Адияның да 20 жасы ерекше естеліктермен есте қалды. Ол өткен бір жыл ішінде қазақ күресінен, дзюдодан, самбо күресінен Қазақстан чемпионы атағын жеңіп алды. Болмысы бірбеткей, арманы айқын, айбынды астанамен құрдас екеніне қуанатын кішкентай Адия 20 жыл ішінде сайыпқыран спортшылардың қатарына еніп үлгерді.

– Елордаға алғаш рет 9-10 жасымда аяқ басқаным есімде. Өзіммен жасты астанамызды аралағанда баянды болашағымызды елестеттім. Әр барған сайын егемендіктің белгісіндей болған. Есіл бойындағы Елорданы, алып та асқақ Ақорданы көрген сайын елге деген құрметім еселене түседі. Шын кіріскен адамға шешілмейтін түйін, алынбайтын қамал болмайды. Алда әлі талай рет тәуелсіз елдің туын биікте желбірететін боламын, – дейді ол.

Иә, 20 жыл бойы айы оныңнан туған астананың да, Адияныңың да бағыты айқын, ал болашағы жарқын боларына сенімдіміз.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАҰ

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Кешеден, яғни, 1 сәуірден бастап барлық жұмыспен қамту орталығында азаматтардан атаулы әлеуметтік көмекке өтініш қабылдау жұмыстары басталды. Оған қоса халыққа қызмет көрсету, жұмыспен қамту орталықтарында бекітілген жауапты қызметкерлер тізбеге сәйкес атаулы әлеуметтік көмек туралы түсіндірме беріп, өтініштерді қабылдауда. Мамандардың айтуынша, бір күн ішінде 1500-ден астам адам орталықтарға хабарласқан.

Аз қамтылған отбасыларды, әсіресе, көпбалалы отбасыларды қамтуды кеңейту үшін, 1 сәуірден бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсету критерийі күнкөрістің ең төменгі деңгейінің 70 процентіне дейін артады (14 849 теңгеден 20 789 теңгеге дейін). Осылайша облыс бойынша атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны 2 есеге артып, 60,8 мың адамға жетеді.

Бүгінде сұратылатын құжаттарды оңтайландыру арқылы атаулы көмекті тағайындау процедурасы жеңілдетілді. Егер ақпараттық жүйелерде ақпарат болмаса, жұмыспен қамту орталықтары немесе ауылдық округтер мен елді мекендердің әкімдері тиісті мемлекеттік органдардан қажетті құжаттарды сұратады. Жұмыс «Е-халық» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Бюджет нақтыланғаннан кейін жергілікті деңгейде әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы мектеп жасындағы балалардың қоғамдық көлікте тегін жүруі, киім-кешекпен қамтамасыз етілуі, бір мезгіл тамақтану рационының сапасын күлшейту, жазғы сауықтыру лагерлерінде демалуы, балабақшамен тегін қамтамасыз ету мәселелері шешілетін болады.

«СБ» ақпарат.





AKTIIA

ҚАРМАҚШЫЛЫҚТАР ҚОЛДАУЫ

Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінде қармақшылықтар елорда атауының Нұр-Сұлтан болып өзгеруіне орай ауқымды акция өткізді деп хабарлайды аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Шарада «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дастан Буханов мемлекетті ширек ғасырдан астам уақыт басқарған әрі Қазақстанды бүкіл әлемге танытқан Елбасының сіңірген орасан зор еңбегін атап өтті.

Сонымен бірге аудандық ардагерлер кенесінің төрағасы Қаршыға Есдәулетов, аудандық әйелдер кенесінің төрайымы Күлжауһар Раева, «Ұлт бірлігі – Қармақшы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Шегебай Құндақбаев, «Жас Отан» жастар канаты аудандық филиалының төрағасы Нұржан Ондашев, «Жастар ресурстық орталығының директоры» Әділ Ыбырахим сөз сөйлеп, Астанаға Нұрсұлтан Назарбаевтың есімін беріп, тарихи тұлға мәртебесін асқатқан тарихи шешімді жыр елінің халқы да қолдайтынын жеткізді.

Аудан көркемөнерпаздары әннен шашу шашып, жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«СБ» ақпарат.

BRIFING

САЛЫҚТЫ ӨСІМАҚЫСЫЗ ТӨЛЕ

Өткен жылдың 1 қазанына дейін салыққа қарыз кәсіпкерлер билігі 31 қазанға дейін берешегін төлеген жағдайда өсімақысы мен айыппұл алынып тасталады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Серік Мұстафаев мәлімдеді.

Шынар АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

Салықтан қарызы бар шағын және орта бизнес өкілдеріне рақымшылық жасау үшін мемлекеттік кірістер органдары күн сайын дербес шоттардың жай-күйіне мониторинг жүргізіп, негізгі қарыз төленгенде үш жұмыс күнінен кешіктірмей есептен шығару туралы тиісті шешім шығарады.

Облыста рақымшылықты пайдалануға мүмкіндігі бар кәсіпкерлер саны – 1851, олардың 2018 жылдың 1 қазанына жалпы берешегі 5,3 млрд теңгені құраған. Оның 3,5 млрд теңгесі негізгі қарыздары, ал 1,6 млрд теңге өсімпұл және 200 млн теңге айыппұл. Билігі жылдың 19 наурызына біздің облыстан 913 тұлға 175 млн теңге көлемінде негізгі қарызын өтеп отыр. Олардың 20,1 млн теңге өсімақысы есептен шығарылған.

Шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерінің қарызының елеулі бөлігін өсімақы мен айыппұлдар құрайды.

Негізгі салықтан қарызын өтеген соң кәсіпкер кәсібін жалғастыруға, жаңа кәсіп түріне ауысуға немесе жаңа идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті осыған дейінгі қолданыста болған 10 және 17 ОКЭД бойынша ескі үлгідегі бақылау-касса машиналарына онлайн-бақылау касса машиналарына ауыстыруды толықтай аяқтаған. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап патент және бірінші жер салығы арнаулы салық режимі негізінде қызмет атқаратын барлық салық төлеушілер есеп айырысу кезінде онлайн бақылау-касса машинасын пайдалануы тиіс.

Өткен жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекет аумағында тауарларды келендік тазартуда зейіндерді «Астана-1» ақпараттық жүйесі іске қосылды.



Салық төлеушілерге сапалы қызмет көрсету мақсатында «Цифрлы агент» мобилді қосымшасы өткен жылдың желтоқсан айынан бастап іске қосылған. Комитет тарапынан қолға алынып отырған тағы бір бастама – республика бойынша салық төлеушілерге қызмет көрсететін Call-орталықтың құрылуы. Бұл орталыққа әр департаментте тәжірибелі мамандар жауапты болып бекітілді. Олар үшін барлық ақпарат жүйелері қолжетімді болады.

Айта кету керек, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарының талаптарына сәйкес, департаменттің салық саласында 28 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, оның 18-і автоматтандырылған. Ал, келен саласы бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға 16 мемлекеттік қызмет түрі көрсетілсе, оның ішінде алтауы автоматтандырылған.

ция басқармасының басшысы, полиция подполковнигі Дәулет Беркімбаев та есеп берді.

Кездесу барысында облыс тұрғындары департамент басшысы-

SEMINAR

ӘКІМДЕР ҚАЙТАДАН ПАРТАҒА ОТЫРДЫ

Қазір сан салада түрлі реформалар іске асырылуда. Жаңашылдық жергілікті басқару қызметінің тиімділігін арттыруда да орын алды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Бұл ретте қала, аудан және ауыл әкімдерінің бойынша стратегиялық инновациялық ойлау жүйесін дамыта отырып, трансформациялық көшбасшылықты арттыру да күн тәртібіндегі мәселелер қатарына енгенін айту керек. Осыны ескерген ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Өңірлік дамуды трансформациялау» тақырыбында семинар ұйымдастырды.

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалында өткен басқосуға басқару дербестігінің жаңа механизмдерін қалыптастыру жөніндегі семинар департамент басшысы Абзал Мұхимов осы бағыттағы жұмысты жандандырудың тиімді тетіктерімен бөлісті.

– Мемлекеттік қызметші

әрқашан халықтың сеніміне ие болуы тиіс. Ол үшін жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, билік пен халық арасындағы байланысты жеделдету бағытындағы жұмыстарға аса мән берген жөн. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі жаңа көзқарас, стратегиялық менеджмент және трансформациялық көшбасшылық та әкімдер білуі қажет замануи міндеттер, – делі департамент басшысы.

Сонымен қатар спикердің айтуынша, бұдан әрі семинарда цифрландыру, жеке брендинг пен бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік сатып алуларды басқаруға қатысты дәрістер қамтылған. Оның нәтижесінде әкімдер өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына бағытталған жеке жобалық жұмысын аймақ басшылығы алдында қорғайды.

Қызылордада IT сала, ақпараттық технология мамандарын даярлау мақсатында «IT echelon» жобасы жүзеге асуда. Бұл – елімізде IT маман даярлау бойынша жаңа форматтағы тұңғыш жоба. Сенбі күні Мәскеудегі webegoblic веб-эзірлеу мектебінің негізін қалаушы, Tinkoff.ru-да интерфейсші даярлаушы Дарья Пушкарская жас IT мамандарға дәріс оқып, лайфхактармен бөлісті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

«IT ECHOLON» – IT САЛАДАҒЫ ЖАҢА ЛЕК

Барлық саланы автоматтандыру мен цифрландырудың негізі болып саналатын IT сала дамысын десек, сұранысқа сай маман даярлау қажет. Еліміздегі IT кеңістіктің әлі де бос екендігін ескерсек, «IT echelon» жобасы – сұранысқа орай тиімді ұсыныс. 200-ге жуық жасқа тегін білім беретін жобаны облыстық цифрлық технологиялар басқармасы мен «Мансап-Қызылорда» ЖШС бірлесіп ұйымдастырды. Сондай-ақ, жоба бойынша «Болашақ университетімен меморандум жасалған. Аймақтағы 500-ден астам жастың арасынан таңдан алынған еріктілер алты айда IT стартап, веб-қосымшаларды әзірлеу мен сайт дайындау тәсілдерін

қазақстандық және ТМД-ның ірі IT компаниялары мамандарынан үйренбек.

Бұл жобаға қатысушының мамандығы бойынша шектеу жоқ. Қазір оқушылар мен студенттер, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, әртүрлі сала қызметкерлері мен «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылынан келген қатысушыларға үш куратор – IT маман жетекшілік етеді. Мұнан өзге атпасына екі рет онлайн, бір рет оффлайн түрде теория мен практиканы ұштастырған сабақтар өткізіледі. Басқарма басшысы Индира Ақжігітованың айтуынша, алты айлық оқу бағдарламасы бойынша 70-ке жуық IT стартап жоба дайындалмақ.

АЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚОС ҮМІТКЕР ЕКІНШІ КЕЗЕҢДЕ

Украинаның орталық сайлау комиссиясы сайлаудың алдын ала қорытындысын жариялады. Оған сәйкес, дауыс берушілердің 30-дан астам пайызы шоумен әрі кәсіпкер Владимир Зеленскийге дауыс берген. Екінші орында шамамен 17 пайыз дауыспен елдің қазіргі президенті Петр Порошенко болса, үшінші орында Юлия Тимошенко тұр. Ол 13 пайыз дауыс жинаған.

Бұған дейін орталық сайлау комиссиясы 11 млн адам мүлдем дауыс бермегенін хабарлаған еді. Халықтың 63,52 пайызы ғана өз таңдауын жасаған. Сонымен қатар комиссия сайлау барысында құқық бұзушылық байқалмағанын айтты.

Президенттікке үміткерлердің біреуі де 50 пайыз дауысқа ие бола алмағандықтан, саяси доданың екінші туры сәуірдің 21-і күні өтетін болады. Келесі кезеңге Владимир Зеленский мен Пётр Порошенко өтті.

ҚАРАҒЫЛЫҚ ҚҰШАҒЫНДАҒЫ ВЕНЕСУЭЛА

Венесуэла тұрғындары тағы қараңғылықта қалды. Қазір елдің 20 штаты жарықсыз отыр. Осыған орай жергілікті халық жаппай ереуілге шықты. Наразы жұрт Мирафлорес алаңына апаратын жолды жауып, биліктен электр жүйесі мен басқа да коммуналдық қызметті қалыпқа келтіруді талап етті.

Наразылық акциясына қатысқандар көшедегі көліктерді өртеп, кенселерге зақым келтірген. Бақ өкілдерінің хабарлауынша, қаруланған бір топ адам халыққа бей-берекет оқ атқан. Оққа ұшқан екі адам ауруханаға жеткізілді.

Билік өкілдерінің хабарлауынша, оқиғадан зардап шеккендердің саны әлі де өсуі мүмкін.

ПЕРУДЕ АВТОБУС ӨРТЕНДІ

Перуде екіқабатты автобуст өртеніп, 20 адам ажал құшты. Тағы 7 жолаушы жарақат алды.

Оқиға орын алған кезде көлік жолаушыларға лық толы болыпты. Ақпарат көздерінің хабарлауынша, қызыл жалын автобустың артқы жағынан басталып, лезде таралып кеткен. Салдарынан екінші қабатта отырған жолаушылар дер кезінде сыртқа шыға алмай қалыпты.

Қазір күйік шалғандардың барлығы дәрігерлердің жеті бақылауында.

ВАШИНГТОНДАҒЫ САКУРА ФЕСТИВАЛІ

АҚШ астанасында шие ағашы гүлдеп, шаһар халқы осы бір әсем мезгілге арналған дәстүрлі фестивальді атап өтіп жатыр. Жапонша «сакура» деп аталатын шие ағашының гүлденуі тамашалауға Вашингтонға жыл сайын 3 миллионға жуық саяхатшы келеді.

Наурыздың 20-сында басталған салтанатты шара сәуірдің ортасына дейін жалғаспайды. Оның аясында 40-қа жуық түрлі кеш өткізі жоспарланған. Ал бұл шие ағаштарын шаһарға өткен ғасырдың бас кезінде Токио мэрі достық белгісі ретінде сыйға тартқан. Содан бері Вашингтонда жапондар сияқты шиенің гүлденуін тамашалау дәстүрі қалыптасқан.

ӨЗБЕКСТАНДА КӨРМЕ ӨТЕДІ

Қазақстанның Өзбекстандағы жылының салтанатты ашылу құрметіне орай, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен 11 сәуірде Өзбекстан Мемлекеттік өнер музейінде «Ұлы Дала: тарих және мәдениет» көрмесі ашылады.

Қазақстанның Ұлттық музейі ұйымдастырып отырған көрменің ашылуында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін баспасөз мәслихаты өтеді. Шараға екі мемлекеттің ресми делегациясы өкілдері мен қазақстандық және өзбекстандық ғалымдар қатысады.

Көрменің мақсаты – Қазақстанның тарихи-мәдени бай мұрасымен шетелдік көрерменді таныстыру. Көрмеге Қазақстан Республикасының символы саналатын «Алтын адам» қойылады.

Бүгінге дейін бұл жоба әлемнің жеті елінде – Беларусь, Әзербайжан, Ресей, Қытай, Польша, Корея мемлекеттерінде және Татарстан Республикасында болды. «Алтын адамның» шеруін сол елдерде миллионнан астам көрермен тамашалады.

Жалпы алғанда жоба үш жыл көлемінде жүзеге асатын болады. Көрме 2020 жылдың аяғына дейін жер шарының жиырмаға жуық елін аралайды. Биыл Малайзия, Италия, Түркия және Грузия музейлерінде өткізіу жоспарланған.

Келесі жылы АҚШ, Австрия, Франция, Швейцария мен Германияның басты музейлерінде өткізіледі.

Дайындаған М.АҚЫН.

ҚЫЛМЫС 8 ПРОЦЕНТКЕ ТӨМЕНДЕДІ

«Достық үйінде» облыстық полиция департаментінің басшысы, полиция полковнигі Қайрат Мұхитов тұрғындармен есептік кездесу өткізді.

Шынар БЕКБАН.

Қызмет ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған жиында үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, ардагерлер кеңесі, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Департамент басшысы қылмыстық ахуал мен қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Онда облыс көлемінде қабылданған шаралар нәтижесінде қылмыстық ахуалдың тұрақты екендігін және қылмыс саны өткен жылмен салыстырғанда 8 процентке төмендегенін айтты.

«Қауіпсіз аула» тәжірибесі негізінде көкқабатты үйлердің ауаларына, подьездеріне бейнекамералар, кодты құлыптар мен домофондар орнату туралы ұсыныс беріліп, тұрғындардың өз қаражаты есебінен біркәрт көкқабатты үйлер жөндеуден өтті. Мысалы, қаладағы Панфилов көшесі, №23 үй мен Бектұрғанов көшесі, 15 үйдің ауласына бейнебақылау камералары, подьездерге домофондар, кодты құлыптар орнатылып, нәтижесінде осы аулаларда жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың саны 10,4 процентке азайды.

Сандық технологияларды дамыту аясында полиция қызметіне «Электрондық қылмыстық іс жүйесі» жобасы енгізіліп, қазір қылмыстық



істер электрондық форматта тергелуде. Бұл бағытта 500-ден аса қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жүргізілген. «Әкімшілік іс жүргізудің бірінші тізгімі» (ЕРАП) жобасы аясында 146 дана планшет алынып, қолданысқа енгізілді.

Полиция қызметін оңтайландыру жөнінде Жол картасы қабылданып, оны жүзеге асыру 2019 жылдың бірінші қаңтарынан бастау алды. Қазіргі уақытта осы бастама негізінде департаменттің және оған қарасты барлық құрылымдардың жеке құрамының 10 проценті қысқартылды. Департамент басшысы осы қысқартылған лауазым есебінен үнемделген қаржы осы жылдың шілдесі айынан бастап қызметкерлер жалақысын көтеруге жұмсалатындығын мәлімдеді.

Жиында Қызылорда қалалық поли-

на өз сауалдарын тікелей жолдауға мүмкіндік алды. Жиын соңында қала тұрғыны, ардагер Махамбет Ерманов полиция қызметкерлеріне алғысын білдіріп, ел тыныштығын қорғау жолындағы еңбектеріне сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Қайрат Болатұлы облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сонымен қатар қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, олардың ізін суытпай ашуға үлес қосқан азаматтарды және Сыр сакшылары тәрбиеленген ардагер ақсақалдарды алғыс хатпен марапаттады. Олардың ішінде бір үйдің 3 баласын өрттен құтқарған Қазаны ауданы, Өркенде ауылының тұрғыны Мейрамбек Алимбаев пен Арал аудандық полиция бөлімінің ардагері Нұрлан Дошныязов бар.

QOR QYZMETI

БАРШАМЫЗҒА БІР ӘЛЕМ

Бүгінде әлемде аутистік ауытқуы бар балалар саны күрт арттып барады. Осыдан 20 жыл бұрын әр 10 мың балаға шаққанда аутизммен ауырған 3-4 бала тіркелетін болса, қазір бұл сан 10-нан 20-ға дейін жеткен. Мұндай дертке шалдыққан балалар біздің облыста да бар.

Шынар БЕКБАН.

Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қоры «Аутизмді бар балаларға арналған» орталықты 6 қаладан ашты. Біздің облыстағы «Асыл Мирас» аутизм орталығының жетекшісі Болатбек Айтбөбетовтің мәлімдеуінше, орталық үш жыл бұрын ашылған. 12 қызметкер бар. Осы уақыт аралығында 500-ден аса отбасы орталықтың көмегіне жүгінген.

– Балалар аутизм – психологиялық дамудың бұзылуы, мұндай балалар адамдармен қатынаста

және әлеуметтік әрекеттестікте қиындыққа ұшырайды. Ең қиыны – елімізде аутизммен ауырғандардың нақты саны белгісіз. Себебі, ондай дертті дәл анықтап, диагноз қоятын мамандар да аз. Орталыққа бейімделуге тек облысымыздан ғана емес, басқа өңірлерден келіп 3 айлық курстан өтеді. Барлық балаларға қызмет тегін көрсетіледі, – делі орталық жетекшісі.

Үш айлық курстан кейін әрбір ата-анаға үй жағдайында жұмыс істейтін жоспар беріледі. Сонан

кейін әр жұмада супервизия, яғни ата-ана сағаты өтеді. Ол жерде барлық ата-ана жиналып, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салады.

Аутизмге ұшыраған бала негізінен өзімен-өзі қалып, бойын немқұрайлық дөңдейді, жан-жағындағы адамдармен араласуы қиындап, қоршаған ортамен қарым-қатынасы үзіледі. Сөйлеу және интеллектуалдық мүмкіндіктері қалыпты болғанына қарамастан айналалындағы адамдармен араласа алмайды.

Елімізде аутизм туралы ақпарат аз, ал кеселмен күресіп жүргендер көп.

Құндызай есімді жас ана бұндай балаларға бірінші кезекте психологиялық көмек қажет екенін айтады. – Аутизмге шалдыққан бала психологиялық көмекке мұқтаж

және бұндай баланың ата-анасына да қолдау қажет. Себебі, өзін аутист баланың анасы ретінде жағдайды жақсы түсінемі. Ұлымның бір жасынан белгілерін біле бастады. Екі жасан асқанда емханадағы дәрігерлер осындай диагноз қойды. Алғашқыда қатты қиналды. Қазір үштен асты. Осы орталықта бір жылдан бері ем алып келеміз. Қазір ұлым өзінің есімін айтқанда қарайтын болды. Соған тауба деймін, – дейді жас ана.

Бұндай дертке шалдыққан баланың психологиялық ерекшеліктері әртүрлі болады. Физиологиялық тұрғыдан дені сау болса да, ойлау қабілеті тым төмен немесе керісінше талантты болуы мүмкін. Мәселен, белгілі Эйнштейннің өзінен осы ауру белгісі білінген. Көп жағдайда ата-аналар балаларының бойындағы ау-

руды кеш байқайды. «Жүре кетеді», «құл кішкентай» деген сылтаумен уақыт өткізіп алады немесе түрлі себептен тіркелмей, невропатологтың қарауында жүре береді. Егер балаға дер кезінде нақты диагноз қойылып, ем жүргізілсе, қоршаған ортаға қарым-қатынасын сәл де болса өзгертуге болады.

Айта кетейік, аутизм дертіне шалдыққан балаларға арналған орталық – «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қорының ұйытқысымен жүзеге асырылып отырған еліміздегі үшінші жоба. Орталық заман талабына сай жабдықталған. Мұнда арнайы бағдарлама бойынша әрбір жеткіншек алты айға дейін оналту курстарынан өтеді. Балалармен білікті педагогтар, психологтар мен әлеуметтік мамандар жұмыс істейді.

А.ТАЈИБАЕВ – 110

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Сыр перзенті, ақиық ақын Әбділда Тәжібаевтың туғанына биыл 110 жыл толады.

Ақын болып туу – үлкен бақыт. Қазақ елі еш уақытта өлеңге, ақығна кенде болған емес. Бірақ өлең жазғанның бәрі ақын болмайтыны да рас. Қиыннан қиыстырып, жүректен жүрекке жеткізетін нағыз ақын ілеуде біреу ғана. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін өлеңдерімен поэзия әлемінің қак төрін орын алатын Әбділда Тәжібаев нағыз арқалы ақын, қазақтың аса көрнекті каламгері.

Өз заманында ұлы Мұхтар Әуезов «Әбділда қазақ поэзиясына әсерлі, сапалы көркем бір ағым кіргізіп келе жатқан ақын» деген екен. Дана жазушы талантты інінің бойындағы тамаша қасиетті сол кездің өзінде-ақ өте дәл тауыпты. Әлі күнге дейін Әбділда жырлары жалын атып, жұлдынып тұрады. Бұл ақынның рухани мықтылығына, талант күдіретіне байланысты болса керек. Алау жалын, асау қайрат жок жерден жігерлі жыр да шықпак емес.

Ақын шығармашылығындағы екі ерекше жай қатты байқалады. Біріншісі – оның өлеңдерінің өршілдігі, екіншісі – сыршылдығы. Бұл екі қасиет оның жырларын әркезде биікке көтеріп, дара танытады.

Ақынның өз сөзімен айтқанда «Үнемі жастық күшағында жатқан сырды» лай суын жұтып, оның арналы ағысының өр даусын естіп өскен туған жері – Сыр елі оның ақындығына үнемі арқау болды. Гейне Рейн өзенін, Тарас Днепрді, Пушкин Елідi жанындай сүйiп өлеңге қосса, Әбекең өзi туған Сырдариясын анасына теңеп, сағынып көрген анаға деген баланың сезiмiндi, махаббатындай сүйiспеншiлiкпен:

Бiлем сенi, сүйем сенi,
Сырдың суы қарт анам.
Сендi менi әдилдеген,
Туған сенен мен балаң,
Сүйсе Гейне, анам десе,
Сүйген суы Рейнесiн.
Сырдың суы туған ол да,
Өз ақынн – Гейнесiн.
Жазса Тарас Днепрдi,
Жазса Пушкин Елiдi.
Неге маған жырламаса,
Сырда туған елiмдi, – деп жырлады. Ақын ағанын осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жазған «Сырдария» атты осы өлеңiн әрбiр ұрпақ қасиеттi бойтұмардай

қастерлеп, туған жердiң туындай ұрпақтан ұрпаққа жеткiзiп келедi. Ал, жерлесiмiз белгiлi әншi-композитор Бексұлтан Байкенов осы өлеңге әдейi ариап ән жазғаннан кейiн бұл туынды Сыр бойының әнұранына айналды деп айтуға болады. «Сырдария» термешi, жыршылардың әлi күнге сүйiп айтатын шығармасына айналған.

С.Мұқановтың алғы сөзiмен 1932 жылы шыққан ақынның тұңғыш жинағы «Жаңа ыр-

жылдары өзiнiң әсiресе мерей-тойларында туған жерiне келiп тәубе жасауды, сәлем берудi дағдыға айналдырған. 70 жасқа толғанында Сыр бойына бiрге келген өзiнiң өкшесiлес iнiсi Тұманбай Молдағалиев былай деп жазды.

«...Шиелi – Әбдiлда ақынның ата-бабасының жерi екен. Екi ауданның шекарасынан бiздi Шиелi аудандық партия комитетiнiң бiрiншi хатшысы, Социалистiк Еңбек Ерi Орынбасар Бөйiмбетов жолдас бастаған ау-

– Оның да рас. Бірақ көбіне-көп менің аркам. Сен – менің жиенімің және ер боп туған жиенімің, – деді Ыбекең.

Екі мәртебе ер атанған атаның қасында болу, дастарханнан дәм тату менің ағамды біртүрлі жасартып жіберді. Ыбекеңнің қасында Әбділда маған бозбала секілді көрінді.

Қызылорда – Әбділда ақынның туған қаласы. Шыр етіп дүниеге келген жері. Бұл қаладағы кездесуге Қызылорда облыстық партия комитетінің

ғылыми әмбебап кітапханасы ғимаратының алдынан ақынның алып ескерткіші бой тұзеді. Сондай-ақ, қаладағы әсем де көрікті жерде тағы бір ескерткіш қойылған.

Әбділда ақынның образын мәңгілікке өлеңмен жазып қалдырған ақын іні-шәкірттерінің бірегейі, классик Мұқағали Мақатаев:

Ол: Тұрғанда ұйпа-тұйпа ақ самайың,
– О, Әбе, сені неге жат самайын.



фактар» деп аталған. Одан кейін жазылған «Құлғара», «Қобыланды батыр», «Айнабұлақ», «Олқылық», «Құтқару», «Кешелен бүгінге» сияқты тағы басқа да поэмалары өз заманында бүкіл халықтық оқиғаларға тікелей атсалысып, үн қосқандығының айғағы болды. Мұндай өзгерістер туған елінде болып жатқандықтан да, ақын жүрегіне біртабан жақын еді. Туған жерге деген махаббаты ақынның дүниетанымы мен дүниеге көзқарасын шектемей, қайта құбылысты тереңнен, кеңінен тану үшін рухани ерік-күшпен аспанағ шарықтады.

Ақын халықтар достығын мейлінше жырлап өтті. Достық тақырыбы көңіл мен өміріне айналды. Соғыс жылдарында жеңіске деген сенім, жауынгерлердің ерлік ісіне масаттану сезімі ақынның терең де патриоттық өлеңдер туғуына жол ашты. Қоршаудағы Ленинград жөнінде ол былай деп жырлаған еді:

Граниттей Ленинград,
Емессiң сен маған жат.
...Жүрегiмде жатталған ат,
Ленинград, Ленинград.
Әбдiлда ақын әркезде туған жерiн естен шығармаған. Әр

дан еңбеккерлері әнмен, күймен қарсы алды.

Пионерлер ақын ағаның құшағын тағы да гүлге толтырды. Әдебиетіміздің ақсақалы, қазақ сатирасының атасы, «Қырғи тілді» Асқар Тоқмағамбетовтің өзі кеп, ақын інісін бауырына қысты, маңдайынан сүйді. Асекеңді көргеннен кейін ақын інісі біршама жасарып қалғандай көрінді.

Кездесу кештерінің бәрінде де қазақ әдебиетінің кешесі мен бүгінгі әңгіме болды.

Ыбырай Жақаевты көріп, қолын алу – кімге де болса арман ғой. Біз Қызылордаға келу сапарымызды Ыбырай ақсақалға сәлем беруден бастадық. Шал таяғына сүйеніп кеп, Әбекеңнің маңдайынан сүйді. Бәрімізді үйдегі дәмге шақырды.

– Әбділда, сен де жетпіске келдің бе? – деп сұрау қойып бастады сұңғыла қария өз сөзін.

– Келдім, келдім, – деп күлімдеді Әбекең.

– Ал, мен екі-үш жылда тоқсанға келем. Сенің өстіп үлкен кісі боп жүргенің кімнің арқасы білесің бе? – деп Ыбекең Әбекеңе тағы сұрақ қойды.

– Халықтың арқасы, – деді Әбекең.

бюро мүшелері Тәкей Есетов, Шәймерден Бәкіров, Сұлтан Сәрсенбаев, Дәурхан Айдаров, т.б. жолдастар қатысты. Қызылорда қаласындағы әдеби кеште СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісов ақын творчествосы туралы ойлы да әсерлі сөйледі. Ә.Нұрпейісов Әбекеңдермен бірге Қазалы ауданына барып қайтты. Кездесудің бәрінде де Мұхаметжан аға мен Әди аға сөз сөйлеп, ақын туралы тыңдаушыларын риза еткенін көзім көрді.

Сонында өлмес мұра қалдырған, поэзия атасы атанған Әбділда Тәжібаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында облысымызда біршама шара атқарылды. Қызылорда қаласындағы бір көше ақынның көзі тірісінде оның есімімен аталды. Терең өзек кентінде Тәжібаев есімімен аталатын бір көше бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен облыстық ғылыми-әмбебап кітапханаға, Сырдария ауданындағы №36 орта мектепке ақынның есімі берілді. Қызылорда қаласындағы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық

Абыржып асанды ұстап отырғанын, Ашулы Грозный патшадайын, – деген еді.

Ақынды дәл осы қалпында, дәл осы айбарлы бітімінде мәңгілікке көре беретін боламыз.

Ә.Тәжібаев туған елінің, өскен жерінің атағын алысқа жайып, өрелі өнерін жалпақ жұртқа паш етті. Хас жақсыны тап басып тани білетін халқымыздың әр көңілі ақын ағаның сарқылмас жыр дариясы, қуатты арнасы болды. Қазақ поэзиясында қайталанбас қолтаңбасын қалдырып, әдебиетімізді өрге сүйреген Әбекеңнің өзі де арнасы мол өзенге айналды. «Дүниде өлмейтін жақсының аты, ақынның хаты» деп дана халқымыз айтқандай, бұл өмірге өшпестей, өлместей етіп ізгілікті із, ұлттық әдебиетіміздің асыл қазынасына қосылған баға жетпес мұра қалдырған Әбділда ағамыз мәңгілік жүрегімізде, мәңгілік бізбен бірге.

Орынбасар ӘЛЖІК, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ» ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсының (бұдан әрі конкурсы) қағидалары (бұдан әрі қағида) Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күніне орай бағытталған іс-шараларды өткізу мақсатында әзірленген.

2. Конкурсты өткізудің мақсаты мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, қазақ тіліндегі контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту болып табылады.

3. Конкурс төрт номинациядан тұрады:

- 1) «Үздік мақала»;
- 2) «Үздік телебағдарлама»;
- 3) «Үздік радиобағдарлама»;
- 4) «Үздік сайт мақаласы».

4. Конкурсқа мемлекеттік тілді дамыту, насихаттау, оның қолданысын арттыру бойынша БАҚ-та материалдар жариялаған журналистер қатыса алады.

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

2. Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы конкурстың ұйымдастырушысы болып табылады.

6. Конкурсқа қатысу үшін конкурсы қағидаларының 3-тармағында көрсетілген төрт номинацияның біреуі бойынша жазбалы түрде аталған басқармаға **2019 жылдың 24 мамырға дейін** мынадай құжаттармен бірге беріледі:

- 1) өтінім (осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша);
- 2) **2018 жылғы 11 маусым мен 2019 жылғы 20 мамыр аралығында** бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген екі материалды, соның ішінде радио және телебағдарламаларды, мемлекеттік тілдегі сайттардағы және мерзімдік баспасөздегі жарияланған мақалаларды;
- 3) мақала жарияланған газет-журналдар, сайттардың скриншоттары, бағдар-

3. Қорытынды ережелер

9. Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандарынан, ғалымдардан, зиялы қауым өкілдерінен кемінде үш адамнан: қазылар алқасының төрағасы және оның мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы мамалардың DVD дискідегі жазбасы, мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары;

7. Конкурс қағидаларының 7-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінім конкурсына қатыстырылмайды.

8. Басқармаға ұсынылған құжаттар кері қайтарылмайды.

мүшелері конкурсына қатысушылардан түскен материалдар негізінде дауыс беру арқылы конкурстың төрт номинациясы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде рәсімделіп, қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

10. Конкурс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

11. Жеңімпаз болып танылған талапкерлердің материалдары республикалық кезеңге қатысуға жолданатын болады.

120003. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1-күршіл, «Облыстық мекемелер үйі». Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы, 339-кабинет, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсына» деген белгімен.

Байланыс телефоны: 8 (7242) 60-53-15.

САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫ 28.03.2019 ЖЫЛ

Сауда орындарының атауы	Ақ сүіріш, кг	Сауда орындарының атауы	Бірінші сортты бидай ұны, ұндық	Сауда орындарының атауы	Қарақұмық жармасы	Сауда орындарының атауы	Бірінші сортты ұннан жасалған қалыпта ұн	Сауда орындарының атауы	Сыыр етігі	Сауда орындарының атауы	Тауық жұмыртқасы, он данасы	Сауда орындарының атауы	Ақ қауынды қырыққабат	Сауда орындарының атауы	Бақты шпәк, кг	Сауда орындарының атауы	Сабь, кг	Сауда орындарының атауы	Қарпоз, кг	Сауда орындарының атауы	Ақ қап-құмықкерек	
1	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	180	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	82	Small	113	Анвар	43	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК*	1300	Анвар	220	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	100	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	60	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	40	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	40	Magnum	204
2	"Small" CY	209	Ажар	110	Magnum	114	Ажар	48	Анвар	1500	Мирас	250	Мирас	155	Мирас	85	Мирас	110	Мирас	90	Small	205
3	"Мирас" CY	230	Мирас	112	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	120	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	50	Мирас	1600	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	250	Анвар	155	Анвар	96	Анвар	110	Қазына	90	Анвар	240
4	"Анвар" CY	237	Small	115	Қазына	125	Қазына	50	Small	1700	Ажар	250	Қазына	200	Қазына	110	Қазына	120	Ажар	90	Мирас	240
5	"Magnum" CY	239	Анвар	116	Анвар	130	Мирас	50	Magnum	1759	Small	270	Ажар	200	Ажар	110	Ажар	120	Анвар	96	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК	240
6	"Ажар" CY	240	Мирас	130	Magnum	130	Magnum	50	Magnum	285	Magnum	208	Magnum	135	Magnum	135	Magnum	129	Ажар	129	Ажар	245
7	Сыбаға базары	250	Ажар	140	Small	57						Small	149	Small	146	Small		129	Қазына		250	

Ескерте : Әлеуметтік дүкен ӘКК* - сыыр еті Ескі базар жанындағы және Универсам м/а орналасқан әлеуметтік дүкендерде сатылады.

Жоба

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8-бабына және «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мөлдерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 11245 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 10 дана С1 категориялы тауық жұмыртқасының бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері күнтізбелік 30 күн мерзімге 281 теңге көлемінде бекітілсін.
2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Көшербаев

ДІНИ БІЛІМ АЛУДА ДҰРЫС БАҒЫТ ТАҢДАЙ БІЛ

Қоғамда қаншама мамандық түрі бар десек те, әр мамандықтың өзіне тән көтеретін жүгі бар. Уақыттың талабына қарай кей мамандықтар өз-өзінен жойылып кетсе, керісінше, жаңа бір қызмет түрлерінің қажеттігі айқындалып отырады. Айталық, соңғы 10-15 жыл көлемінде елдегі діни ахуалдың дұрыс қалыптасуын қадағалайтын діни саласы мамандарының тапшылығы кәдімгідей байқалады.

Осы бағытта алғашқылардың қатарында "Нұр-Мұбарак" университетінде оқып, "Исламтану" мамандығы бойынша докторантурада дәріс алып жүрген жетілдіруіне мүмкіндігі бар. Бірақ бұл оқу орындарының да саны шектеулі. Ел жастарының білім алуына тек бірақтар бірақтар толғақты мәселелер тұрарында әңгімелескен едік.

Жалпы бүгінгі таңда жастардың дін саласында оқып, мамандық алуға деген қызығушылығы қандай? Олардың жұмысқа орналасуында қиындықтар кездеспей ме?

Бұл бағытта бүгінгі жастардың ізденісі мен ынта-ықыласы көңіл қуантады. Мысалы, осыдан 10 жыл бұрын еліміздегі іргелі діни оқу орны – "Нұр-Мұбарак" университетін жылына 50-60 студент бітіретін болса, қазір жылына 200-ден астам студент арнайы мамандық алып шығады. Сондай-ақ, бұрынғы уақытта мешіттерде жұмыс жасайтын имамдар білімін жетілдіретін еді. Ал бүгінде мектеп бітірісімен осы салада мамандық алуға талпынғандар қатары артып келеді. Әрине, бұған мемлекет тарапынан бөлінетін гранттың да септігі бар. Айталық, өткен жылы республика бойынша бақалавр бағытына 200 грант бөлінді. Одан бөлек, облыс әкімдігі жыл сайын ондаған мектеп бітірушіге қаржылай қолдау көрсетеді. Мен осы қолдаудың нәтижесінде білім алып, өз таңдауыма қол жеткізген жастардың бірімін. Ал жоғары білім алған мамандардың жұмысқа орналасуына ешқандай кедергі жоқ. Қанша маман келсе де, бұл салаға көптеп етпейді деп ойлаймын. Себебі, дін саласындағы ақпараттық қауіпсіздік шаралары көптеген қиындықтардың алдын алады. Айтпа кетейік, бүгінгі таңда "Нұр-Мұбарак" университетінде 70-ке жуық облыс жастары оқып жатыр. Өткен жылы университет бітіріп келген 10 жас маман жұмысқа орналасты.

Өзіңіз білесіз, шет елдердің базбір діни оқу орындарында білім алған жастарымыздың кейбірі өзге бағытқа бой алдырып жатады. Бұл біз үшін өзекті мәселе. Демек, осы салада жастардың шетел асып оқуына қандайда бір шектеулер бар ма?

Әрине, бар. Өйткені уақыттың талабы осындай. Айталық, кез келген жас шетелге барып оқу үшін, ең алдымен, еліміздегі арнайы діни оқу орындарының бірінен білім алуы керек. Содан кейін мұфтияттың жолдамасымен шекара асып, білімін жетілдіруіне мүмкіндігі бар. Бірақ бұл оқу орындарының да саны шектеулі. Ел жастарының білім алуына тек бірақтар бірақтар толғақты мәселелер тұрарында әңгімелескен едік.

Жалпы бүгінгі таңда жастардың дін саласында оқып, мамандық алуға деген қызығушылығы қандай? Олардың жұмысқа орналасуында қиындықтар кездеспей ме?

Бұл бағытта бүгінгі жастардың ізденісі мен ынта-ықыласы көңіл қуантады. Мысалы, осыдан 10 жыл бұрын еліміздегі іргелі діни оқу орны – "Нұр-Мұбарак" университетін жылына 50-60 студент бітіретін болса, қазір жылына 200-ден астам студент арнайы мамандық алып шығады. Сондай-ақ, бұрынғы уақытта мешіттерде жұмыс жасайтын имамдар білімін жетілдіретін еді. Ал бүгінде мектеп бітірісімен осы салада мамандық алуға талпынғандар қатары артып келеді. Әрине, бұған мемлекет тарапынан бөлінетін гранттың да септігі бар. Айталық, өткен жылы республика бойынша бақалавр бағытына 200 грант бөлінді. Одан бөлек, облыс әкімдігі жыл сайын ондаған мектеп бітірушіге қаржылай қолдау көрсетеді. Мен осы қолдаудың нәтижесінде білім алып, өз таңдауыма қол жеткізген жастардың бірімін. Ал жоғары білім алған мамандардың жұмысқа орналасуына ешқандай кедергі жоқ. Қанша маман келсе де, бұл салаға көптеп етпейді деп ойлаймын. Себебі, дін саласындағы ақпараттық қауіпсіздік шаралары көптеген қиындықтардың алдын алады. Айтпа кетейік, бүгінгі таңда "Нұр-Мұбарак" университетінде 70-ке жуық облыс жастары оқып жатыр. Өткен жылы университет бітіріп келген 10 жас маман жұмысқа орналасты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау үшін реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша 2018 жылға «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының қызметі туралы жылдық есепті тыңдау 2019 жылдың 26 сәуірінде жергілікті уақыт бойынша сағат 15.00-де Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 25 мекен-жайы бойынша «ҚЭТТК» АҚ әкімшілік ғимаратының 2-қабатында өткізілетінін хабарлайды.

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің ұжымы бас дәрігердің пациентті қолдау қызметі және ішкі аудит жөніндегі орынбасары Айгүл Оғадқызы Алтекешеваға әкесі

Оғадидің

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР ДӘРІПТЕЛГЕН КЕШ

Сенбі күні Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Жырласа, жастар жырласың!» атты республикалық дәстүрлі ән-жыр кеші өтті. Еліміздің әр түкпіріндегі жас дәстүрлі өнер иелерін Сырға тоғыстырған бұл фестивальді ұйымдастырушылар да ерікті жастар. Ұлттық өнерді дәріптеуді мақсат етіп, іс-шараға ұйықты болып жүрген сырбойлық жыршылар – Марат Сүгірбай мен Күнсұлу Түрікпен.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.



рухани демалысқа сусаған талғампаз көрерменнің ықыласы да ерек болды. – Бұл жыр кеші жастар үшін рухани серпіліс болды деген

сенімдемін. Ұлттық өнердің өміршеңдігін жас жыршылар арқылы көрсете алдық деген ойдамын, – дейді павлодарлық дәстүрлі әнші Салтанат Қисатова.

Көпшіліктің қошеметіне бөленген бұл шара ұлттық өнерді бағалай білетіндердің аз еместігін байқатты.

Тұңғыш Президенттің ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары негізінде қолға алған бұл бастамадан дәстүрлі өнер арқылы есімі елге таныла бастаған өнерпаздар қалыс қалмады. Атап айтқанда, Алматыдан Мақпал Токтағанова, Астанадан Алыпбек Оңайбайлы, Павлодардан Салтанат Қисатова, Қызылорда қаласынан Марат Сүгірбай, Еркебұлан Шыңжанов, Бейсенбек Төлеубай,

Әділхан Қуанбай, Нұртілек Ақтаев, Мұхамедәлі Бекпейсов, Қуаныш Алғазиев, Жарасхан Төлебай, Зұлфия Баймұрзаева, Амандық Жаппарбердиев және Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің дәстүрлі ән-терме бөлімінде оқитын талантты жас өнерпаздар қатысты.

Өнерпаздар ел бірлігі, ұлттық құндылықтар тақырыбында терме-толғаулар айтып, ән-күймен көрерменнің құлақ құрышын қандырды. Мұндай

SPARTAKIADA

РУХАНИ БАЙЛЫҚ БАСТАУЫ

Қызылорда қаласындағы №278 орта мектепте «Ұлттық ойындар – рухани байлығымыз» атты дәстүрлі облыстық спартакиада өтті. Үш күнге созылған бұл доданың негізгі мақсаты – мектеп оқушылары арасындағы салауатты өмір салтын қалыптастырып, ұлттық спорт ойындарын дамыту.



Жарыста қатысушылар спорттың асық ату, тоғызқұмалақ, қол күрес, баяулар сайысы сынды спорт түрлерінен бақ сынасты.

КР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру, құндылықтарымызды дәріптеу, ұлттық ойындар туралы насихаттау мақсатындағы ұйымдастырылған спартакиаданың жас өскініге берер тағылымы мол. Оқушылардың ұлттық ойын арқылы патриоттық сана қалыптастыратыны кәміл.

Мәдина ЖҰМАДІЛДАЕВА, Қорқыт ата атындағы КМУ-дың студенті.

JADIGER

Асадал – қазақтың ұлттық үй жиһазы. Ас және адал сөздерінен бұйым негізінен шафтың қызметін атқарған, ыдыс-аяқ және азық-түлік сақтауға арналған мүліктің бірі. Ол кебеже, сандықтарға қарағанда биік болып келеді. Этнографиялық деректерге сүйенсек, асадалдың бірнеше түрі болған және оны тұтас түркі халқы пайдаланған.

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Белгілі этнограф Х.Арғынбаев өзінің еңбегінде асадалдың ең көнесі қазіргі уақытта тымбочка тәрізденіп, енінен биіктігі артық болып жасалса, екінші түрінің ені мен биіктігі шамалас келетінін айтады. Үшінші түрінің биіктігі кебежелей ғана болған. Ал төртіншісі буфет тәрізді жасалған деп жазады. 1991 жылы Ғани Мұратбаев музейінің қызметкерлері У.Түктібаев ауылының тұрғыны Жақсылық Сағадиев есімді кісіден осындай құнды дүниені сатып алады. Асадал қазіргі уақытта Ғани музейінде тұр. Осы уақытқа дейін өз құндылығын жоғалтпай келген асадалдың түп-тарихын білу мақсатында қазіргі Жамбыл облысы, «Бурное» станциясында тұратын Жақсылық атаның жұбайы Зылиха Сағадиева әжемізбен байланысқан болатынбыз. Әжеңіз айтуынша,

асадал шамамен 1915-1920 жылдары жасалған, енесі Нұрбибі Толыбайқызының артынан қыз жасауымен бірге келген екен. – Енем текті жердің қызы. Әкесі ишан, өмірін дін жолына арнаған алам болған екен. Асадалды таза ұстаңдар, киесі бар деп енем маған дүниеден өтер алдында табыстап кеткен еді. Балалармен Жамбыл облысына көшетін болғандықтан, туған жерімізде қалсын, ескінің дүниесі жаңа ұрпаққа мұра болсын деген оймен музейге табыстап тұрмыз, – деп бата-сын берді. Асадалдың екі ашпалы есігі және мандай бетінде тартпасы орналасқан. Жиһаздың беткі бөлігінде орналасқан ою-өрнектері келушілердің назарын өзіне бірден аударады. Тартпа беті мен екі ашпалы есігінде қаузын жарған гүл тәріздем ою бедерленіп, айна-



ласына өрнектер жүргізілген. Осындай түрлі ою-өрнектердің бір-бірімен үйлесуі, шебердің ұсталық өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді. Алайда, асадалдың толық сипаттамасы қағаз бетіне түспеген. Алдағы уақытта халық арасындағы колөнер шеберлерінің өткеннен сыр шертетін дүниелері табылып, музейміздің төрінен орын алады деген ойдамыз.

Әлібек СЕРАПЫ, Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейінің қор сақтаушысы.



АҰЫР АТЛЕТИКА

АЙМАҚ СПОРТШЫЛАРЫ АЛҒА ШЫҚТЫ

Аймақта апта бойына созылған ауыр атлетикадан республика чемпионында жерлестеріміз жарады. Жалпыкомандалық есепте ерлер I орында болса, қыздар жағы үштікті түйіндеді. «Евразия» спорт кешенінде өткен дүбірлі додadan аймақ спортшылары олжаға кенелді.

Сыр оғландары 5 алтын, 6 күміс, 5 қола медальді қанжығаға байлады. Сонымен қатар екі бірдей жерлесіміз Асылжан Бектай мен Әлішер Оразбек өз салмақтарында екі жаттығу және қосайыстан рекорд жаңартты. Бұлардан бөлек, Қазақстан чемпионы атанған алыптардың қатарында Азамат Төлеген, Серікбол Сәрсенбай және Айсамал Сансызбаева бар. Ал Бексұлтан Айтбай, Евгений Ломанов, Нұржан Кеңесбек, Марлен Жұмаділ, Аяжан Нұржан мен Динара Қышқабай күміс жүлдені иеленсе, Бексұлтан Төлепов, Арыстанбек Жақанша, Шахизад Абдраманов, Кристина Буторина мен Айғаным Үмбетова қола медальға қол жеткізді.

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ

ЕНШІМІЗДЕ 11 МЕДАЛЬ

Ел чемпионатында тоғызқұмалақшыларымыздың қанжығасы майланды. Жекелей чемпионатта жерлестеріміз 11 медаль иеленді.



Сергіз күнге созылған сайыста Қазақстанның барлық өңірінен 16 команда бақ сынасты. 250 ойыншы рапид, блиц және классикадан шеберлігін танытты. Аталған долада аймақ қоржынында 3 алтын, 4 күміс, 4 қола медаль бар. Рапид бойынша Жантөре Аманкөс пен Асылбек Қаржаубаев Қазақстан чемпионы атанса, Нұрай Мектепхан мен Акерке Кенжебекова күміс, Рауан Ыбырай қола жүлдеге иеленді. Блицтен Дамир Ахметов алтын, Акерке Кенжебекова күміс, Рауан Ыбырай қола жүлдеге қол жеткізді. Ал классикадан Бекзат Әмір екінші, Данияр Беркінбай мен Улдана Махамбетамин үшінші орындарға ие болды. «СБ» ақпарат.

TANYM

ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ БАР

Әлемде сіз бен біз білмейтін көптеген қызықты құбылыстар мен факторлар жеткілікті. Олар туралы мұнда хабарсыз болғанның ешқандай сөкетігі жоқ. Өйткені, бәрін білу әсте мүмкін емес. Сондықтан да төменде бірқатар қызықты жайттарды келтіріп отырмыз.

- 1. Жер бетіндегі халықтың жартысы ешқашан да қар көрмеген. Олар оны тек сурет пен кинодан ғана көреді.
2. Эйфель мұнарасын әрбір жеті жыл сайын жаңадан бояп тұрады.
3. Қытайда мұғалімдер оқушыларға сабақ үстінде 20 минуттай көз іліп алуға рұқсат береді. Демалып алған бала жақсы оқиды деп санайды.
4. Жапонияның Осака қаласында аспалы автожолдардың бірі биік ғимарат шінінен, сонда орналасқан компанияның офисі арқылы өтеді.
5. Әрбір бес адамның екеуі алғашқы махаббатына үйленеді екен.
6. Исландияның астанасы Рейкьявик қаласында қар мен жаңбырдан кейін көктайпақ болмауы үшін тротуарлар жылытып тұратын жүйемен жасакталды.
7. Гарри Поттер фильміндегі 13 жастағы оқушы қыз Плак

- Митрл ролін 40 жастағы актриса Ширли Хендерсон ойнаған.
8. Чарли Чаплиннің «егіздеріне» арналған конкурста Чарли Чаплин үшінші орын алған.
9. Коала тәулігіне 18-22 сағат ұйықтайды.
10. Плутон ғаламшарының көлемі Ресей территориясынан үлкен емес.
11. Әлемде ең көп сатылатын тауар – Рубик кубигі, екінші орында – IPHONE.
12. Сәбилер үш айдан асқанша көзінен жас шықпай жылайды.
13. Аспан әлеміндегі жұлдыздар саны жер бетіндегі құм түйіршіктерінен көп.
14. Джон Рокфеллер жас кезінде 100 мың доллар табыс тауып, 100 жасуады армандалды. Ол 97 жыл өмір сүріп, 192 млн доллар табыс тапты. Көріп отырғандарыңыздай, армандардың бәрі орындала бермейді екен.



- 15. Токио қаласында жануарлар демалуы үшін зообақты жылғына екі айға жауып қояды.
16. Балалар орташа есеппен күніне 400 рет, ал ересектер 15 рет күледі.
17. Телефонды ойлап тапқан Александр Грейам анасы және әйелімен бірде-бір рет телефонмен сөйлескен емес. Өйткені, олар мылқау болды.
18. Калифорния штатындағы Ливермор қаласында 100 жылдан аса уақыттан бері жанып тұрған лампочка бар. Дәлірек айтқанда, ол 1901 жылы орнатылған.
19. Астронавт шлемдерінде қажет кезінде бетін, мұрынды сипау үшін орнатылған арнаулы құрылғылар бар.
20. Колибри – алға да, артқа да ұша алатын әлемдегі жалғыз құс.
Әзірлеген Ү.ТӨЖІЛҰЛЫ. «Сыр бойы».

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Арал ауданы тұрғындарының назарына! Аудан көлемінде ауыз сұға көлемі жазу-залаушылардың жұмыстарын жүргізуіне орай, төменде көрсетілген уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Мерзімі	Елді мекен атауы
25 сәуір 2019 ж.	Қосаман, Бердікөл, Ақсепе
29 сәуір 2019 ж.	Жаланаң (Мергенсай), I және II Жаланаң су көтеру н/с, Шияғаға
30 сәуір 2019 ж.	Секееуіл, Қонғу, Құланда, Шоқысу
08-10 мамыр 2019 ж.	Сапақ, №3 Арал н/с, Шөміш, Қамыстыбас, Аралқұм, I, II және III кезек, Аққұлақ, Аманкөкел, Бөген, Қарашалаң, Жаңақұрылыс, Көне және Орталық Қаратерен, Тастақ, Ақбай, Қосжар
13 мамыр 2019 ж.	Райым, Есқұра, Құмбазар, Қызылжар, СП-1 Есқұра н/с, ІІС-2 Райым н/с, Уқилсай, Шөмішкөл, Ақшатау, Бекбауыл
14 мамыр 2019 ж.	Жақсылықын кенті
15 мамыр 2019 ж.	Арал қаласы

Анықтама тел.: 8(72433) 2-64-50. «Арал» СЖКБД филиалының «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.

Қармақшы ауданы тұрғындарының назарына! 2019 жылдың 10-11 сәуір аралығында III Интернационал, Дур Оңғар, Төрбай би елді мекендері, Ірқөл және Жосалы кентінің ішкі су жүйелері мен магистральді су құбырына жоспарлы жуу-шаю, залаушылардың жұмыстары жүргізілетінін хабарлай отырып, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8 (72437) 2-27-64. «Арал» СЖКБД филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.

17.04.2019 жылы – Көкембаев, Қуандария, Алдашбай ахун елді мекендерінде; 18.04.2019 жылы – Тұрмағанбет, Ақжар елді мекендерінде; 19.04.2019 жылы – Ақтөбе, Қармақшы елді мекендерінде ауыз су жүйелерінде жоспарлы көлемді жуу-залаушылардың жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8 (72437) 2-14-98. «Арал» СЖКБД филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі.

(БСН 110841003190 Қызылорда облысының әкімі аппаратымен бірге 2016 жылдың 1 сәуірінде тіркелген)

Қазалы ауданы тұрғындарының назарына! 09.04.2019 жылы – Ақсуат, Майлыбас, Байқожа, Көбек, Еңбекшіқазақ, Қызылжар, Ойынды, Алтай елді мекендерінде; 10.04.2019 жылы – Өйтеке би кентінде; 11.04.2019 жылы – Ақкөкес №2 насос станциясының ауыз су жүйелерінде жоспарлы көлемді жуу-залаушылардың жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8 (724) 38 24 1 20, 8-776-875-79-66. «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.

Жалағаш ауданы тұрғындарының назарына! 09.04.2019 жылы – Бұқарбай батыр, Ақсу, Аққұм, Еңбек, Шөміш, Қаракөк, Далабай елді мекендерінде; 11.04.2019 жылы – Аламысқ, Жаңадария, Мырзабай ахун, Мақпалкөл, Мәдениет елді мекендерінде; 12.04.2019 жылы – Жалаған кенті және Жанатапан, Тан, Ақсар елді мекендерінде ауыз су жүйелерінде жоспарлы жуу-залаушылардың жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8 (72431) 3-15-45. «Арал» СЖКБД филиалының Жалаған ауданы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.

Қызылорда қаласы тұрғындарының назарына! 22.04.2019 жылы – Таңдырлар, Ақжар, Ақсуат, Ірқөл елді мекендерінде; 23.04.2019 жылы – Бірқазан, Белкөл-1, Белкөл-2 елді мекендерінде; 24.04.2019 жылы – Абай, Досан, Қаруылтобе елді мекендерінде; 25.04.2019 жылы – Қараөзек, Айнакөл, Талсауат елді мекендерінде; 26.04.2019 жылы – Талсауат емханасы ауыз су жүйелерінде жоспарлы көлемді жуу-залаушылардың жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8 (7242) 70-08-54. «Арал» СЖКБД филиалының Қызылорда қаласы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.

Сырдария ауданы тұрғындарының назарына! 08.04.2019 жылы – Айдарлы, Жетікөл, Амангелді елді мекендерінде; 09.04.2019 жылы – Бесарық, Шіркейлі, Қоғалық елді мекендерінде; 10.04.2019 жылы – Н.Лисов, Шаған елді мекендерінде; 12.04.2019 жылы – Ақжар, Іңкәрария елді мекендерінде; 15.04.2019 жылы – А.Токмағанбетов, С.Сейфуллин, Қалжан ахун елді мекендерінде; 16.04.2019 жылы – Теренөзек кенті №1, №2, №4, №5 насос станцияларында ауыз су жүйелерінде жоспарлы көлемді жуу-залаушылардың жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8 (72436) 2-18-00. «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданы бойынша оқшау су көздерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі.

(БСН 110841003190 Қызылорда облысының әкімі аппаратымен бірге 2016 жылдың 1 сәуірінде тіркелген)